

## "Жасанды былғары өндірісі" кәсіби стандартын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 477 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 14 мамырда № 9422 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 30 қаңтардағы № 60 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.01.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 138-5-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріп отырған "Жасанды былғары өндірісі" кәсіби стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (Б.А. Қасымбеков) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің интернет-ресурсында осы бұйрықтың орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық оның алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Индустрия және жаңа технологиялар

министрінің міндетін атқарушы

А. Рау

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрі

\_\_\_\_\_ Т. Дүйсенова

2014 жылғы 7 сәуір

Қазақстан Республикасы  
Индустрия және жаңа технологиялар  
министрінің міндетін атқарушының  
2010 жылғы 30 желтоқсандағы  
№ 477 бұйрығымен бекітілген

## **"Жасанды былғары өндірісі" кәсіби стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Жасанды былғары өндірісі" кәсіби стандарты (бұдан әрі - КС) біліктілік деңгейіне, құзыреттікке, еңбек мазмұны, сапасы мен шарттарына қойылатын талаптарды анықтайды және мына мақсаттарға арналған:

- 1) кәсіби қызмет мазмұнына қойылатын бірыңғай талаптарды белгілеуге;
- 2) еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап беретін біліктілік талаптарын жаңартуға;
- 3) персоналды басқару саласында бірқатар міндеттер шеңберін шешуге;
- 4) білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқу бағдарламаларын әзірлеуге, сондай-ақ тиісті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;
- 5) мамандардың кәсіби даярлығына бағалау мен біліктілігінің сәйкестігіне растау жүргізуге арналған.

2. КС негізгі пайдаланушылары:

- 1) білім беру ұйымдарының түлектері, қызметкерлері;
- 2) ұйым басшылары мен қызметкерлері, ұйымның персоналды басқару бөлімшесінің басшылары мен мамандары;
- 3) білім беру стандарттарын әзірлейтін мамандар;
- 4) мамандардың кәсіби даярлығына бағалау және біліктілігінің сәйкестігіне растау саласындағы мамандар болып табылады.

3. КС негізінде қызметтің функционалдық үлгілеріне, лауазымдар, біліктілікті арттыру, қызметкерлерді аттестаттау, еңбекті ынталандыру жүйесі мен басқаларына арналған ішкі, ұжымдық стандарттар әзірлене алады.

4. Осы КС мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

- 1) біліктілік – қызметкердің еңбек қызметінің нақты түрі шеңберінде нақты қызметтерді сапалы орындауына даярлығы;
- 2) біліктілік деңгей – күрделілігі параметрлері, стандартты емес еңбек шарттары, жауаптылығы және дербестігі бойынша тарамдалатын қызметкердің құзыреттігіне қойылатын талаптар жиынтығы;

3) еңбек заты – нақты еңбек құралдарының көмегімен өнім құру мақсатында қызметкердің әрекеті бағытталған зат;

4) еңбек құралы – еңбек затын бастапқы жағдайдан өнімге түрлендіру үшін қызметкер пайдаланатын құралдар;

5) еңбек қызметінің түрі-еңбек қызметтерінің бүтін жинағымен және оларды орындау үшін қажетті құзыреттіктермен қалыптастырылған кәсіби қызмет саласында құрамдас бөлік;

6) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты әрекеттер жинағы;

7) кәсіби қызмет саласы – жалпы біріктірілген негізге ие (балама және жуық арналулар, нысандар, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) және оларды орындау үшін еңбек қызметтері мен құзыреттіктердің ұқсас жинағын болжайтын саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) КС – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне, құзыреттілікке, мазмұны, сапасы мен еңбек әрекеттеріне қойылатын талаптарды анықтайтын стандарт;

9) КС бірлігі – бүтін, аяқталған, салыстырмалы автономды және осы еңбек қызметінің түрі үшін мәнді болып табылатын нақты еңбек қызметінің тарамдалған сипаттамасынан тұратын кәсіби стандарттың құрылымдық элементі;

10) кәсіп – арнайы теориялық білім мен арнайы даярлық нәтижесінде алынған практикалық дағды, жұмыс тәжірибесінің кешенін иеленуді талап ететін еңбек қызметінің тегі;

11) құзыреттік – еңбек қызметінде білімін, дағды мен тәжірибесін қолдану қабілеті;

12) лауазым – ұйымның ұйымдастыру-әкімшілік сатысы жүйесінде функционалдық орын;

13) міндет – еңбек қызметін іске асырумен және нақты заттар мен еңбек құралдарын пайдаланумен нәтижеге жетумен байланысты әрекеттер жиынтығы;

14) сала – олар үшін шығарылатын өнім, өндіріс технологиясы, негізгі қорлар мен жұмыскерлердің кәсіби дағдыларының жалпылығы тән болатын кәсіпорындар мен ұйымдар жиынтығы;

15) салалық біліктіліктің шеңбері (бұдан әрі - СБШ) – салада танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық сипаттау;

16) ұлттық біліктіліктің шеңбері (бұдан әрі - ҰБШ) – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

17) функционалдық карта – кәсіби қызметтің сол не басқа саласы шеңберінде қызметкердің нақты түрін орындайтын еңбек қызметтері мен міндеттерін құрылымдық сипаттау.

## **2. КС паспорты**

5. КС паспорты келесіні анықтайды:

1) экономикалық қызмет түрі (кәсіби қызмет саласы): 15 Былғары және оған қатысты өнімдер өндірісі.

2) экономикалық қызмет (кәсіби сала) түрінің негізгі мақсаты: Жасанды былғары өндірісі. КС "жасанды былғары өндірісі" кәсіби қызмет саласында еңбек мазмұны, сапасы, шарттары, қызметкерлер біліктілігі мен құзыреттігіне қойылатын талаптарды белгілейді

3) еңбек қызметінің, кәсіптің түрлері, біліктілік деңгейлер осы КС 1-қосымшада келтірілген.

4) Стандарт талаптары осы салада: жасанды былғары астарын дайындаудың ағынды желісінің операторы, жасанды былғары дайындау агрегатының машинисі, бояйтын және күйдіретін жабдық машинисі, термотұрақтандыру машинасының машинисі, суретті бедерлеуші, жасанды былғарыны қырнаушы, техник-технолог кәсібіне қатысты болады.

## **3. "Жасанды былғары астарын дайындаудың ағынды желісінің операторы" еңбек қызметі (кәсіп) түрлерінің карточкалары**

6. Еңбектік қызметінің (кәсіптің) түр карточкасы құрайды:

1) СБШ бойынша біліктілік деңгейі –3

2) лауазымның мүмкін болатын атаулары: жасанды былғары астарын дайындаудың ағынды желісінің операторы.

3) "Жасанды былғары астарын дайындаудың ағынды желісінің операторы" кәсібі субъектінің маманға жасанды былғары өндіру үшін түрлі материалдардан (мата, трикотаж, тоқылмаған материалдар, қағаз) негізді дайындау процесін жүргізу бойынша негізгі қызметті іске асырумен болатын міндеттерді білу мен орындай білуді міндеттейді. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы КС 2-қосымшаның 1-кестесінде келтірілген.

4) жасанды былғары астарын дайындаудың ағынды желісінің операторының еңбек әрекеттеріне, жұмыс тәжірибесі мен біліміне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 2-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

5) КС бірлігінің тізбесі осы КС 2-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген.

6) жасанды былғары астарын дайындаудың ағынды желісінің операторы орындайтын еңбек әрекеттерін, КС бірлігін сипаттайтын функционалдық қарта осы КС 2-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

7) жасанды былғары астарын дайындаудың ағынды желісінің операторы құзыретіне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшаның 5-кестесінде келтірілген.

#### **4. "Жасанды былғары дайындау агрегатының машинисі" еңбек қызметі (кәсіп) түрлерінің карточкалары**

7. Еңбектік қызметінің (кәсіптің) түр карточкасы құрайды:

1) СБШ бойынша біліктілік деңгейі– 3

2) лауазымның мүмкін болатын атаулары: жасанды былғары дайындау агрегатының машинисі

3) жасанды былғары дайындау агрегатының машинисі кәсібі субъектінің маманға түрлі полимерлерден жасанды былғары жасау бойынша негізгі қызметті іске асырумен болатын міндеттерді білу мен орындай білуді міндеттейді. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы КС 3-қосымшаның 1-кестесінде келтірілген.

4) жасанды былғары дайындау агрегатының машинисінің еңбек әрекеттеріне, жұмыс тәжірибесі мен біліміне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

5) КС бірлігінің тізбесі осы кәсіби стандартқа 3-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген.

6) жасанды былғары дайындау агрегатының машинисі орындайтын еңбек әрекеттерін, КС бірлігін сипаттайтын функционалдық қарта және құзыреттілікке қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

7) жасанды былғары дайындау агрегатының машинисі құзыретіне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшаның 5-кестесінде келтірілген

#### **5. "Бояйтын және күйдіретін жабдық машинисі" еңбек қызметі (кәсіп) түрлерінің карточкалары**

8. Еңбектік қызметінің (кәсіптің) түр карточкасы құрайды:

1) СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 4

2) лауазымның мүмкін болатын атаулары: бояйтын және күйдіретін жабдық машинисі

3) "Бояйтын және күйдіретін жабдық машинисі" кәсібі субъектінің маманға түрлі полимерден жасалған жасанды былғарыны бояу мен күйдіру бойынша негізгі қызметті іске асырумен болатын міндеттерді білу мен орындай білуді міндеттейді. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы КС 4-қосымшаның 1-кестесінде келтірілген

4) бояйтын және күйдіретін жабдық машинисінің еңбек әрекеттеріне, жұмыс тәжірибесі мен біліміне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

5) КС бірлігінің тізбесі осы кәсіби стандартқа 4-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген.

6) бояйтын және күйдіретін жабдық машинисі орындайтын еңбек әрекеттерін, КС бірлігін сипаттайтын функционалдық қарта және құзыреттілікке қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

7) бояйтын және күйдіретін жабдық машинисі құзыретіне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшаның 5-кестесінде келтірілген.

#### **6. "Термотұрақтандыру машинасының машинисі" еңбек қызметі (кәсіп) түрлерінің карточкалары**

9. Еңбектік қызметінің (кәсіптің) түр карточкасы құрайды:

1) СБШ бойынша біліктілік деңгейі– 4

2) Лауазымның мүмкін болатын атаулары: термотұрақтандыру машинасының машинисі

3) "Термотұрақтандыру машинасының машинисі" кәсібі субъектінің маманға түрлі полимерлерден жасанды былғарыны термикалық тұрақтандыру бойынша негізгі қызметті іске асырумен болатын міндеттерді білу мен орындай білуді міндеттейді. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы КС 5-қосымшаның 1-кестесінде келтірілген.

4) Термотұрақтандыру машинасының машинисінің еңбек әрекеттеріне, жұмыс тәжірибесі мен біліміне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

5) КС бірлігінің тізбесі осы кәсіби стандартқа 5-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген.

6) Термотұрақтандыру машинасының машинисі орындайтын еңбек әрекеттерін, КС бірлігін сипаттайтын функционалдық қарта және құзыреттілікке қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

6) Термотұрақтандыру машинасының машинисі құзыретіне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшаның 5-кестесінде келтірілген.

#### **7. "Суретті бедерлеуші" еңбек қызметі (кәсіп) түрлерінің карточкалары**

10. Еңбектік қызметінің (кәсіптің) түр карточкасы құрайды:

1) СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-3.

2) Лауазымның мүмкін болатын атаулары: суретті бедерлеуші.

3) Суретті бедерлеуші кәсібі субъектінің маманға жасанды былғарыны әрлеу, суреттерін бедерлеу жүргізу бойынша негізгі қызметті іске асырумен болатын міндеттерді білу мен орындай білуді міндеттейді. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы КС 6-қосымшаның 1-кестесінде келтірілген.

4) Суретті бедерлеушінің еңбек әрекеттеріне, жұмыс тәжірибесі мен біліміне қойылатын талаптар осы КС 6-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

5) КС бірлігінің тізбесі осы КС 6-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген.

6) Суретті бедерлеуші орындайтын еңбек әрекеттерін, КС бірлігін сипаттайтын функционалдық қарта және құзыреттілікке қойылатын талаптар осы КС 6-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

7) Суретті бедерлеуші құзыретіне қойылатын талаптар осы КС 6-қосымшаның 5-кестесінде келтірілген.

## **8. "Жасанды былғарыны қырнаушы" еңбек қызметі (кәсіп) түрлерінің карточкалары**

11. Еңбектік қызметінің (кәсіптің) түр карточкасы құрайды:

1) СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3.

2) Лауазымның мүмкін болатын атаулары: жасанды былғарыны қырнаушы

3) "Жасанды былғарыны қырнаушы" кәсібі субъектінің маманға жасанды былғарыны әрлеу, бетін қырнау бедерлеу жүргізу бойынша негізгі қызметті іске асырумен болатын міндеттерді білу мен орындай білуді міндеттейді. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы КС 7-қосымшаның 1-кестесінде келтірілген.

4) Жасанды былғарыны қырнаушының еңбек әрекеттеріне, жұмыс тәжірибесі мен біліміне қойылатын талаптар осы КС 7-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

5) КС бірлігінің тізбесі осы КС 7-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген.

6) Жасанды былғарыны қырнаушы орындайтын еңбек әрекеттерін, КС бірлігін сипаттайтын функционалдық қарта және құзыреттілікке қойылатын талаптар осы КС 7-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

7) Жасанды былғарыны қырнаушы құзыретіне қойылатын талаптар осы КС 7-қосымшаның 5-кестесінде келтірілген.

## **9. "Техник-технолог" еңбек қызметі (кәсіп) түрлерінің карточкалары**

12. Еңбектік қызметінің (кәсіптің) түр карточкасы құрайды:

1) СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 4-5

2) Лауазымның мүмкін болатын атаулары: Шебер

3) "Техник-технолог" кәсібі субъектіге жасанды былғары өндірісі процесін ұйымдастырумен, өнім сапасын, еңбек өнімділігін және жабдықтарды

қамтамасыз етумен байланысты міндеттерді білу мен орындауды міндеттейді. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы КС 8-қосымшаның 1-кестесінде келтірілген.

4) Техник-технолог еңбек әрекеттеріне, жұмыс тәжірибесі мен біліміне қойылатын талаптар осы КС 8-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

5) КС бірлігінің тізбесі осы КС 8-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген.

6) Техник-технолог орындайтын еңбек әрекеттерін, КС бірлігін сипаттайтын функционалдық қарта және құзыреттілікке қойылатын талаптар осы КС 8-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

7) Техник-технолог құзыретіне қойылатын талаптар осы КС 8-қосымшаның 5-кестесінде келтірілген.

## 10. Осы КС негізінде берілетін сертификаттар түрлері

13. Мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктілігінің сәйкестігін растау саласындағы ұйымдар осы КС негізінде сертификаттар береді.

14. Осы КС негізінде берілетін сертификаттар түрлері игерілуі осы КС 2-8-қосымшаларының 3-кестесінде қарастырылған сертификат алу үшін қажетті КС бірліктерінің тізіліміне сәйкес анықталады.

## 11. КС әзірлеушілер, келісу парағы, сараптама жасау және тіркеу

15. КС әзірлеуші Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі болып табылады.

16. Келісу парағы, КС сараптамасы мен тіркелуі осы КС 9-қосымшасында келтірілген.

"Жасанды былғары өндірісі"  
кәсіби стандартқа  
1-қосымша

### Қызмет, кәсіп түрлері, біліктілік деңгейлері

№ р/с	Еңбек қызметі түрінің атауы	Еңбек нарығы үрдісін есепке ала отырып кәсіп атауы	ҚР Қызметтердің мемлекеттік жіктеуішіне сәйкес кәсіп атауы (ҚР МЖ 01-2005)	Салалық біліктілік шеңберінің (СБШ) біліктілік деңгейі
1	Полимер жағу үшін тоқыма немесе қағаз негізді дайындау	Жасанды былғары негізін дайындайтын ағынды желі операторы	Жасанды былғары негізін дайындайтын ағынды желі операторы	3
2	Полимерді негізгі жағу	Жасанды былғары дайындайтын агрегат машинисі	Жоқ	4



3	Жасанды былғарыны күйдіру және бояу	Бояйтын және күйдіретін жабдық машинисі	Бояйтын және күйдіретін жабдық машинисі	4
4	Жасанды былғарыны термотұрақтандыру	термотұрақтандыру машинасының машинисі	Термотұрақтандыру машинасының машинисі	4
5	Жасанды былғарыға сурет салу	Суретті бедерлеуші	Суретті бедерлеуші	2-3
6	Жасанды былғары бетін қырнау	Жасанды былғары қырнаушы	Киіз басу бұйымдарының әрлеушісі	2-3
7	Жасанды былғары өндірісін ұйымдастыру және бақылау	Техник-технолог	Техник-технолог	4

"Жасанды былғары өндірісі"  
кәсіби стандартқа  
2-қосымша  
1-кесте

### Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кәсіптердің жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	7441 Былғары, былғары шикізаты және үлбір өндірісімен айналысатын жұмысшылар кәсібі (8269 Жасанды былғары астарын дайындаудың ағынды желісінің операторы)
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
БТБА шығарылымы, бөлімі	33-шығарылым, "Жасанды былғары өндірісі" бөлімі Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы "09" қазандағы № 389-ө-м бұйрығымен бекітілген
БТБА бойынша кәсіп	Жасанды былғары негізін дайындайтын ағынды желі операторы
Салалық біліктілік шеңберінің (СБШ) біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
3	3-4

### 2-кесте

#### Еңбек шарттарына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсіп бойынша мүмкін болатын жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйымдар)	Жасанды былғары өндіруші кәсіпорындар	
Зиянды және қауіпті факторлар, еңбек шарттары	Машина мен тетіктердің айналатын бөліктері, электр жабдықтары, бу, полимер балқымасы	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Медициналық кері көрсеткіштердің және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау беруден өтудің болмауы	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
	Практикалық тәжірибе және/немесе жалпы орта білім немесе негізгі орта білімнің негізінде	

3	техникалық және кәсіби білім немесе практикалық тәжірибесіз жалпы орта білім болған кезде кәсіби даярлау (білім беру мекемелерінің негізінде бір жылға дейін кәсіби даярлау бағдарламалары бойынша курстар немесе корпоративті оқыту).	Талап етілмейді
---	--	-----------------

### 3-кесте

#### КС бірліктерінің тізбесі (кәсіптің еңбек функциялары)

Еңбек қызметінің шифрі	Еңбек функциясының атауы
Ф 1	Шикізат, материалдар, жабдықтар, полимер композит дайындау
Ф 2	Жасанды былғары негіздерін дайындау процесін жүргізу
Ф 3	Жабдық және жұмыс орнына күтім жасау

### 4-кесте

#### КС бірліктерін сипаттау (функционалдық карта)

Еңбек қызметінің шифрі	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек әрекеті)
Ф 1	Жабдық, агрегаттар, аспаптар	Технологиялық карталар, нұсқаулықтар	3 1.1: Қызмет көрсетілетін жабдық бүтіндігін тексеру және оны іске қосуға дайындау
	Талшықты негіз, ине тесетін машина	Бақылау параметрлері, өлшеу аспабы	3 1.2: Ине тесетін машинаға келетін талшықты негіздің керілуін бақылау. Ине тесетін машинада негіздің біртегіс тесілуін қамтамасыз ету және тесілу тереңдігін бақылау
Ф 2	Ағынды желі, машиналар, тетіктер	Технологиялық карталар, нұсқаулықтар	3 2.1: ағынды желіде талшықты негізді дайындаудың технологиялық процесін жүргізу. Ағынды желіні жұмысқа дайындау, машиналар мен тетіктер бүтіндігін тексеру
	Ине қалқаншалары, ине тесетін машина, орау құрылғысы	Фото элементтер, өлшеу аспаптары	3 2.2: Ине тесетін машиналарда ине қалқандарын орнату. Өту жылдамдығын, негіз қалыңдығы мен тығыздығын реттеу. Ине қалқаншаларының жағдайын, орайтын

			құрылғы мен фотоэлемент жұмысының жағдайын бақылау
	Инелер, орам	Технологиялық карта, қашықтан басқару тармағы	3 2.3: Инелерді ауыстыру . Орамды алу және жүктеу. Автомат қашықтан басқару тармағынан барлық желі жұмысын реттеу және басқару
	Бақылау-өлшеу құралдары	Технологиялық карта, нормативтік көрсеткіштер	3 2.4: Желінің бақылау-өлшеу құралдарының көрсеткіштерін бақылау. Біліктілігі төмен операторлар жұмысын басқару
Ф 3	Жабдық тораптары мен тетіктері, жұмысшы орын беті	Жабдыққа күтім жасау ережелері мен графиктері , ауысымды қабылдау және тапсыру ережесі, қауіпсіздік техникасы ережесі	3 3.1: Жабдықты тазарту, жұмыс орнын жинастыру
	Шикізат, материалдар шығыны, дайындалған өнім көлемдері	Журналдар, құжаттама, жүргізу ережесі	3 3.2: Шикізат, материалдар, дайындалған өнімге есеп жүргізу, қабылданған құжаттаманы жүргізу

## 5-кесте

Жасанды былғары негізін дайындайтын ағынды желі операторының құзыреттігіне қойылатын талаптар 3-деңгейдегі СБШ			
Міндет шифрі	Тұлғалық және кәсіби құзыреттер	Білік пен дағдылар	білімі
3 2.1	Өзіндік әрекет: типтік жағдайда Дербестігіты және кәсіби қызметтің күрделі жағдайында басшылықпен жұмысын жүзеге асыру, оқуды өзіндік ұйымдастыру. Жауаптылығы: жұмысты орындау нәтижесіне, өзінің және басқалардың қауіпсіздігіне; қоршаған ортаны қорғау және өртке қарсы қауіпсіздік бойынша талаптарды орындауға. Күрделілігі: типтік практикалық міндеттерді	Жабдықта жұмыс істеу дағдысы	Синтетикалық былғары негізін өндірудің технологиялық процесі, қызмет көрсетілетін жабдық құрылғысы,. Жабдықтардың синхронды жұмысын қамтамасыз ету тәртібі,

	<p>шешу, білім мен практикалық тәжірибе негізінде белгілі әрекет тәсілдерін таңдау: ағынды желіде талшықты негізді дайындаудың технологиялық процесін жүргізу. Ағынды желіні жұмысқа дайындау, машиналар мен тетіктер бүтіндігін тексеру</p>		<p>дабыл беру ережелері, электротехника элементтері</p>
3 2.2	<p>Өзіндік әрекет: типтік жағдайда Дербестігіты және кәсіби қызметтің күрделі жағдайында басшылықпен жұмысын жүзеге асыру, оқуды өзіндік ұйымдастыру. Жауаптылығы: жұмысты орындау нәтижесіне, өзінің және басқалардың қауіпсіздігіне; қоршаған ортаны қорғау және өртке қарсы қауіпсіздік бойынша талаптарды орындауға. Күрделілігі: типтік практикалық міндеттерді шешу, білім мен практикалық тәжірибе негізінде белгілі әрекет тәсілдерін таңдау: Ине тесетін машиналарда ине қалқандарын орнату. Өту жылдамдығын, негіз қалыңдығы мен тығыздығын реттеу. Ине қалқаншаларының жағдайын, орайтын құрылғы мен фотоэлемент жұмысының жағдайын бақылау</p>	<p>Негізгі дайындау процесін жүргізу кезінде технологиялық режимді белгілеу мен сақтау дағдысы</p>	<p>Технологиялық режим параметрлері, процесті реттеу ережелері, материалдар мен дайын өнім сапасына қойылатын техникалық талаптар</p>
	<p>Өзіндік әрекет: типтік жағдайда Дербестігіты және кәсіби қызметтің күрделі жағдайында басшылықпен жұмысын жүзеге асыру, оқуды өзіндік ұйымдастыру. Жауаптылығы: жұмысты орындау нәтижесіне, өзінің және басқалардың қауіпсіздігіне; қоршаған</p>		

3 2.3	<p>ортаны қорғау және өртке қарсы қауіпсіздік бойынша талаптарды орындауға.</p> <p>Күрделілігі: типтік практикалық міндеттерді шешу, білім мен практикалық тәжірибе негізінде белгілі әрекет тәсілдерін таңдау: Инелерді ауыстыру. Орамды алу және жүктеу. Автомат қашықтан басқару тармағынан барлық желі жұмысын реттеу және басқару</p>	<p>Параметрлерді автомат басқару машинасын қашықтан басқару дағдысы, инені алмастыру және негізбен орамды жүктеу дағдылары</p>	<p>Басқару тармағының схемасын, жабдықтар жұмысының синхрондығын қамтамасыз ету тәртібін, дабыл беру ережесі, электротехника элементтерін білу.</p>
3 2.4	<p>Өзіндік әрекет: типтік жағдайда Дербестігіты және кәсіби қызметтің күрделі жағдайында басшылықпен жұмысын жүзеге асыру, оқуды өзіндік ұйымдастыру.</p> <p>Жауаптылығы: жұмысты орындау нәтижесіне, өзінің және басқалардың қауіпсіздігіне; қоршаған ортаны қорғау және өртке қарсы қауіпсіздік бойынша талаптарды орындауға.</p> <p>Күрделілігі: типтік практикалық міндеттерді шешу, білім мен практикалық тәжірибе негізінде белгілі әрекет тәсілдерін таңдау: Желінің бақылау-өлшеу құралдарының көрсеткіштерін бақылау. Біліктілігі төмен операторлар жұмысын басқару</p>	<p>Жетекшілік жұмыс істеу дағдысы</p>	<p>Бақылау-өлшеу құралдарының жұмысын, басқару тармағының схемасын білу</p>
	<p>Өзіндік әрекет: типтік жағдайда дербестігін және кәсіби қызметтің күрделі жағдайында басшылықпен жұмысын жүзеге асыру, оқуды өзіндік ұйымдастыру</p> <p>Жауаптылығы: жұмысты орындау нәтижесіне, өзінің және басқалардың</p>		

3 3.2	қауіпсіздігіне; қоршаған ортаны қорғау және өртке қарсы қауіпсіздік бойынша талаптарды орындауға. Күрделілігі: типтік практикалық міндеттерді шешу, білім мен практикалық тәжірибе негізінде белгілі әрекет тәсілдерін таңдау: Шикізат, материалдар, дайындалған өнімге есеп жүргізу, қабылданған құжаттаманы жүргізу	Есеп жүргізу және қабылданған құжатты жүргізу қағидалары	Шикізат, материалдар, асай-мүсей шығындарының нормалары, құжаттама жүргізу ережесі
-------	---	--	--

"Жасанды былғары өндірісі"  
кәсіби стандартқа  
3-қосымша  
1-кесте

### Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кәсіптердің жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	7441 Былғары, былғары шикізаты және үлбір өндірісімен айналысатын жұмысшылар кәсібі
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
БТБА шығарылымы, бөлімі	33-шығарылым, "Жасанды былғары өндірісі" бөлімі
БТБА бойынша кәсіп	Жасанды былғары дайындау агрегатының машинисі
Салалық біліктілік шеңберінің (СБШ) біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
4	4-5

### 2-кесте

#### Еңбек шарттарына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсіп бойынша мүмкін болатын жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйымдар)	Жасанды былғары өндіруші кәсіпорындар	
Зиянды және қауіпті факторлар, еңбек шарттары	Машина мен тетіктердің айналатын бөліктері, электр жабдықтары, бу, полимер балқымасы	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Медициналық кері көрсеткіштердің және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау беруден өтудің болмауы	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
4	Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби даярлық)	Талап етілмейді

### 3-кесте

#### КС бірліктерінің тізбесі (кәсіптің еңбек функциялары)

Еңбек қызметінің шифрі	Еңбек функциясының атауы

Ф 1	Жабдық, негіз және материалдарды жасанды былғары дайындау процесін жүргізуге дайындау
Ф 2	Жасанды былғары дайындау процесін жүргізу, Технологиялық параметрлерді бақылау
Ф 3	Машинаны тазарту, жұмыс орнына күтім жасау

#### 4-кесте

#### КС бірліктерін сипаттау (функционалдық карта)

Еңбек қызметінің шифрі	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек әрекеті)
Ф 1	Үлдір орамы, беттік үлдір, талшықты негіз	Агрегат ролигі	3 1.1: Агрегаттың жазу құрылғысына үлдір орауын орнату. Агрегаттың бағыттаушы ролигі астына беттік үлдірді және сіңдірілген талшықты негізді жүктеу
	Үлдір орамы, беттік үлдір, талшықты негіз, кыздыру және салқындату жүйелері	Бақылау-өлшеу құралдары	3 1.2.: Бедерлеу сапасын, шетін кесуді, бақылау-өлшеу құралдарының жұмысын, кыздыру және салқындату жүйелерін жұмысын бақылау. Сіңдірілген талшықты негіз керілуін, беттік үлдір қызуын, орамды былғары шала өнімдерінің жазылу жылдамдығын реттеу. Дайын жасанды былғары орамдарын шешіп алу және оларды келесі операцияға беру. Жабдықты басқару және технологиялық процесс барысын реттеу
	Поливинилхлорид паста, Жасанды былғары	Жанышпа цилиндрлері, бу, барабан	3 2.1: Арнайы жабдықта жасанды былғары дайындау процесін жүргізу. Жабдықтың техникалық бүтіндігін тексеру және оны жұмысқа дайындау. Барабанның қызу режимін, жанышпа цилиндрлерінде қысымды, поливинилхлорид

Ф 2			пастасының жағдайы мен сапасына сәйкес бу қысымын таңдау
	Паста, астарлық және беттік үлдір	Тасымалдаушы, жанышпа цилиндрлері, бу, барабан	3 2.2: Жабдықты күйге келтіру. Пастаның, астарлық және беттік үлдірдің жабдыққа уақтылы келіп түсуін қамтамасыз ету. Астарлық үлдір мен мақта жаймасын жабдыққа жүктеу. Тасымалдағыш жылдамдығын, қысым, температура мен жабдық жұмысының басқа параметрлерін реттеу. Біліктілігі төмен машинистер жұмысына жетекшілік ету.
	Дайын өнім	Бақылау-өлшеу құралдары	3 2.3: Барлық жабдық, технологиялық процесс қалпына, бақылау-өлшеу құралдарының көрсеткіштерін, дайын өнім сапасын бақылау
Ф 3	Жабдық тораптары мен тетіктері, жұмысшы орын беті	Жабдыққа күтім жасау ережелері мен графиктері, ауысымды қабылдау және тапсыру ережесі, қауіпсіздік техникасы ережесі	3 3.1: Жабдықты тазарту, жұмыс орнын жинастыру
	Шикізат, материалдар шығыны, дайындалған өнім көлемдері	Журналдар, құжаттама, жүргізу ережесі	3 3.2: Шикізат, материалдар, дайындалған өнімге есеп жүргізу, қабылданған құжаттаманы жүргізу

### 5-кесте

Жасанды былғары дайындау агрегатының машинисінің құзыреттігіне қойылатын талаптар 4-деңгейдегі СВШ			
Міндет шифрі	Тұлғалық және кәсіби құзыреттер	Білік пен дағдылар	Білімі
	Өзіндік әрекет: міндетті өзі анықтау, оның қол астындағылардың жұмысты іске асыруын ұйымдастыру мен бақылауды қарастыратын басшылықпен іске асыру б о й ы н ш а		



<p>3 2.1</p>	<p>атқарушылық-басқару қызметі  Жауаптылығы: норманы іске асыруда нәтижелік, өзінің және басқалардың қауіпсіздігіне; қоршаған ортаны қорғау және өртке қарсы қауіпсіздік бойынша талаптарды орындауға.  Күрделілігі: жұмысшы жағдайда өзіндік талдауды талап ететін типтік түрлі практикалық міндеттерді шешу: бұйым тораптарын қолмен тігу жұмыстарын орындау: Арнайы жабдықта жасанды былғары дайындау процесін жүргізу. Жабдықтың техникалық бүтіндігін тексеру</p>	<p>Жасанды былғары өндірісі процесін жүргізу дағдысы</p>	<p>Білуі керек: жабдықтың, бақылау-өлшеу құралдарының құрылымы мен кинематикалық схемасын , коммуникациялар схемасы, өңдеу режимі параметрлері мен пластикат сипаттамалары арасында тәуелділік, беттік үлдір мен дайын өнім, жабдықты күйге келтіру мен технологиялық процесс барысын реттеу тәсілдері мен ережелері.</p>
	<p>Өзіндік әрекет: міндетті өзі анықтау, оның қол астындағылардың жұмысты іске асыруын ұйымдастыру мен бақылауды қарастыратын</p>		

3 2.2

басшылықпен іске асыру  
б о й ы н ш а  
атқарушылық-басқару  
қызметі  
Жауаптылығы: норманы  
іске асыруда нәтижелік,  
өзінің және басқалардың  
қауіпсіздігіне; қоршаған  
ортаны қорғау және  
өртке қарсы қауіпсіздік  
бойынша талаптарды  
орындауға.  
Күрделілігі: жұмысшы  
жағдайда өзіндік  
талдауды талап ететін  
типтік түрлі практикалық  
міндеттерді шешу: бұйым  
тораптарын қолмен тігу  
жұмыстарын орындау:  
Жабдықты күйге келтіру.  
Пастаның, астарлық және  
беттік үлдірдің жабдыққа  
уақтылы келіп түсуін  
қамтамасыз ету.  
Астарлық үлдір мен  
мақта жаймасын  
жабдыққа жүктеу.  
Тасымалдағыш  
жылдамдығын, қысым,  
температура мен жабдық  
жұмысының басқа  
параметрлерін реттеу.

Жабдық құрылғысын,

Жабдықты күйге келтіру  
дағдысы, жетекшілік  
жұмыс жүргізу дағдысы

			күйге келтіру, реттеу әдістерін білу
3 2.3	<p>Өзіндік әрекет: міндетті өзі анықтау, оның қол астындағылардың жұмысты іске асыруын ұйымдастыру мен бақылауды қарастыратын басшылықпен іске асыру бойынша атқарушылық-басқару қызметі</p> <p>Жауаптылығы: норманы іске асыруда нәтижелік, өзінің және басқалардың қауіпсіздігіне; қоршаған ортаны қорғау және өртке қарсы қауіпсіздік бойынша талаптарды орындауға.</p> <p>Күрделілігі: жұмысшы жағдайда өзіндік талдауды талап ететін типтік түрлі практикалық міндеттерді шешу: бұйым тораптарын қолмен тігу жұмыстарын орындау: Барлық жабдық, технологиялық процесс қалпына, бақылау-өлшеу құралдарының көрсеткіштерін, дайын өнім сапасын бақылау</p>	Бақылау-өлшеу құралдарымен жұмыс істеу дағдысы	Бақылау-өлшеу құралдары, жабдықтардың жұмыс қағидатын білуі керек.

"Жасанды былғары өндірісі"  
кәсіби стандартқа  
4-қосымша  
1-кесте

### Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кәсіптердің жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	7441 Былғары, былғары шикізаты және үлбір өндірісімен айналысатын жұмысшылар кәсібі
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
БТБА шығарылымы, бөлімі	33-шығарылым, "Жасанды былғары өндірісі" бөлімі
БТБА бойынша кәсіп	Бояу және күйдіру жабдығының машинисі
Салалық біліктілік шеңберінің (СБШ) біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
4	4-5

2-кесте

Еңбек шарттарына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсіп бойынша мүмкін болатын жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйымдар)	Жасанды былғары өндіруші кәсіпорындар	
Зиянды және қауіпті факторлар, еңбек шарттары	Машина мен тетіктердің айналатын бөліктері, электр жабдықтары, бу, полимер балқымасы	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Медициналық кері көрсеткіштердің және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау беруден өтудің болмауы	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
4	Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби даярлық)	Талап етілмейді

### 3-кесте

#### КС бірліктерінің тізбесі (кәсіптің еңбек функциялары)

Еңбек қызметінің шифрі	Еңбек функциясының атауы
Ф 1	Жабдық, негіз және материалдарды жасанды былғарыны бояу және күйдіру процесін жүргізуге дайындау
Ф 2	Жасанды былғарыны бояу және күйдіру процесін жүргізу, Технологиялық параметрлерді бақылау
Ф 3	Машинаны тазарту, жұмыс орнына күтім жасау

### 4-кесте

#### КС бірліктерін сипаттау (функционалдық карта)

Еңбек қызметінің шифрі	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек әрекеті)
Ф 1	Бояу	Ванналар, білік, щеткалар	3 1.1: Бояуды бояйтын ваннаға құю. Бояу біліктері мен щеткаларын орналастыру
	Шала өнімдер, орамдар	Ванналар, білік, щеткалар	3 1.2.: Шала өнімді жабдыққа жүктеу, дайын өнімді ораумен алу. Бояу щеткалары мен біліктерін шаю
Ф 2	Шала өнімдер, орамдар, бояу	Красильно-вулканизационное оборудование	3 2.1: Бояу-күйдіру жабдығында жасанды былғарыны бояу және күйдіру процесін жүргізу. Жабдықтың техникалық бүтіндігін тексеру және оны жұмысқа дайындау
	Шала өнімдерді жақпалау, бояу мен күйдіру сапасы, тартатын	Технологиялық картаның нормативтік параметрлері	3 2.2: шала өнімнің біртегіс жазылуын, бояу мен күйдіру сапасына бақылау. Тартатын біліктер жылдамдығын, бояу мен күйдіру температурасын

	біліктер жылдамдығы, бояу мен күйдіру температурасы		технологиялық картаға сәйкес рұқсат етілулер шегінде реттеу
	Дайын өнім	Технологиялық картаның нормативтік параметрлері	3 2.3: Дайын өнім сапасын тексеру. Жұмыс барысында жабдықты басқару. Біліктілігі төмен машинистер жұмысына басшылық ету.
Ф 3	Жабдық тораптары мен тетіктері, жұмысшы орын беті	Жабдыққа күтім жасау ережелері мен графиктері, ауысымды қабылдау және тапсыру ережесі, қауіпсіздік техникасы ережесі	3 3.1: Жабдықты тазарту, жұмыс орнын жинастыру
	Шикізат, материалдар шығыны, дайындалған өнім көлемдері	Журналдар, құжаттама, жүргізу ережесі	3 3.2: Шикізат, материалдар, дайындалған өнімге есеп жүргізу, қабылданған құжаттаманы жүргізу

### 5-кесте

Бояу және күйдіру жабдығының машинисінің құзыреттігіне қойылатын талаптар 4-деңгейдегі СБШ			
Міндет шифрі	Тұлғалық және кәсіби құзыреттер	Білік пен дағдылар	Білімі
3 2.1	<p>Өзіндік әрекет: міндетті өзі анықтау, оның қол астындағылардың жұмысты іске асыруын ұйымдастыру мен бақылауды қарастыратын басшылықпен іске асыру бойынша атқарушылық-басқару қызметі</p> <p>Жауаптылығы: норманы іске асыруда нәтижелік, өзінің және басқалардың қауіпсіздігіне; қоршаған органы қорғау және өртке қарсы қауіпсіздік бойынша талаптарды орындауға.</p> <p>Күрделілігі: жұмысшы жағдайда өзіндік талдауды талап ететін типтік түрлі практикалық міндеттерді шешу: бұйым тораптарын қолмен тігу жұмыстарын орындау: Бояу-күйдіру</p>	Жасанды былғарыны бояу мен күйдіру процесін жүргізу дағдысы	Технологиялық процесті, бақылау-өлшеу құралдарының әрекет ету қағидатын, коммуникациялар схемасын, өнімнің физика-химиялық және технологиялық қасиеттерін,

	<p>жабдығында жасанды былғарыны бояу және күйдіру процесін жүргізу. Жабдықтың техникалық бүтіндігін тексеру және оны жұмысқа дайындау</p>		<p>сынамаларды іріктеу ережелерін білуі керек.</p>
3 2.2	<p>Өзіндік әрекет: міндетті өзі анықтау, оның қол астындағылардың жұмысты іске асыруын ұйымдастыру мен бақылауды қарастыратын басшылықпен іске асыру бойынша атқарушылық-басқару қызметі</p> <p>Жауаптылығы: норманы іске асыруда нәтижелік, өзінің және басқалардың қауіпсіздігіне; қоршаған ортаны қорғау және өртке қарсы қауіпсіздік бойынша талаптарды орындауға.</p> <p>Күрделілігі: жұмысшы жағдайда өзіндік талдауды талап ететін типтік түрлі практикалық міндеттерді шешу: бұйым тораптарын қолмен тігу жұмыстарын орындау: шала өнімнің біртегіс жазылуын, бояу мен күйдіру сапасына бақылау. Тартатын біліктер жылдамдығын, бояу мен күйдіру температурасын технологиялық картаға сәйкес рұқсат етілулер шегінде реттеу</p>	<p>Жабдықты күйге келтіру дағдысы, жетекшілік жұмысын жүргізу дағдысы</p>	<p>Өндеу режимінің параметрлер шамасы және дайын өнім арасында тәуелділікті, жабдықты күйге келтіру тәсілдері мен ережелерін және технологиялық процесс барысын реттеуді білу</p>
	<p>Өзіндік әрекет: міндетті өзі анықтау, оның қол астындағылардың жұмысты іске асыруын ұйымдастыру мен бақылауды қарастыратын басшылықпен іске асыру бойынша атқарушылық-басқару қызметі</p> <p>Жауаптылығы: норманы іске асыруда нәтижелік,</p>		

3 2.3	өзінің және басқалардың қауіпсіздігіне; қоршаған ортаны қорғау және өртке қарсы қауіпсіздік бойынша талаптарды орындауға. Күрделілігі: жұмысшы жағдайда өзіндік талдауды талап ететін типтік түрлі практикалық міндеттерді шешу: бұйым тораптарын қолмен тігу жұмыстарын орындау: Дайын өнім сапасын тексеру. Жұмыс барысында жабдықты басқару. Біліктілігі төмен машинистер жұмысына басшылық ету.	Бақылау-өлшеу құралдарымен жұмыс дағдысы, жетекшілік жұмыстарын жүргізе білу	Бақылау-өлшеу құралдары, жабдықтың жұмыс істеу қағидатын білуі керек. жасанды былғарыға қойылатын талаптарды, стандарттар мен техникалық шарттар, нұсқаулықтарды білуі керек.
-------	--	--	---

"Жасанды былғары өндірісі"  
кәсіби стандартқа  
5-қосымша  
1-кесте

### Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кәсіптердің жіктеушісі (МКЖ)	
Базалық топ	7441 Былғары, былғары шикізаты және үлбір өндірісімен айналысатын жұмысшылар кәсібі
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
БТБА шығарылымы, бөлімі	33-шығарылым, "Жасанды былғары өндірісі" бөлімі
БТБА бойынша кәсіп	Термотұрақтандыру машинасының машинисі
Салалық біліктілік шеңберінің (СБШ) біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
4	4-5

### 2-кесте

#### Еңбек шарттарына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсіп бойынша мүмкін болатын жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйымдар)	Жасанды былғары өндіруші кәсіпорындар	
Зиянды және қауіпті факторлар, еңбек шарттары	Машина мен тетіктердің айналатын бөліктері, электр жабдықтары, бу, полимер балқымасы	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Медициналық кері көрсеткіштердің және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау беруден өтудің болмауы	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
